

Д.А. Мағауянов<sup>1\*</sup>, Д.А. Жампеисов<sup>1</sup>, Е.М. Айтказин<sup>1</sup>, Э.С. Майшекина<sup>1</sup><sup>1</sup>«Alikhan Bokeikhan University» білім беру мекемесі,  
071412, Семей қ., Қазақстан Республикасы  
\*e-mail: [daurxxvek@bk.ru](mailto:daurxxvek@bk.ru)**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КӨШІП-ҚОНУШЫЛАРДЫҢ  
ӘКІМШІЛІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ: НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР, ҮРДІСТЕР ЖӘНЕ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ****Аңдатпа**

Мақалада Қазақстан Республикасындағы көшіп-қонушылардың әкімшілік жауапкершілігіне қатысты мәселелер, қолданыстағы заңнама мен құқық қолдану тәжірибесінің өзекті тұстары жан-жақты талданады. Зерттеудің мақсаты – көші-қон саласындағы әкімшілік жауапкершілік институтын кешенді түрде саралап, оның мәселелі аспектілерін анықтау, халықаралық тәжірибемен салыстырмалы талдау жүргізу және жетілдіруге бағытталған нақты ұсыныстар ұсыну. Авторлар шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдардың әкімшілік құқық бұзушылықтары бойынша қолданылатын заңнамалық нормаларды, құқық қолдану тәжірибесін және олардың халықаралық стандарттарға сәйкестігін талдай отырып, ҚР ӘҚБтК-нің 492, 517, 518 және 519-баптарына байланысты сот тәжірибесін және статистикалық деректерді негізге алады. Германия, Франция, АҚШ, Канада және Ресей Федерациясының тәжірибесімен салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізіледі. Мақалада негізгі мәселелер ретінде санкциялардың шамадан тыс қатандығы, құқық бұзушылықты дараландырудың жеткіліксіздігі, әкімшілік рәсімдердің формалды сипаты, кәсіби қорғаушы мен аудармашының қолжетімсіздігі, гуманитарлық факторлардың ескерілмеуі және әкімшілік жолмен елден шығару мәселелері атап өтіледі. Сонымен қатар, авторлар заңнамалық тұжырымдарды нақтылау, жеңілдететін мән-жайларды ескеру, осал топтардың құқықтарын қорғау, құқықтық көмектің тиімділігін арттыру, көші-қон рәсімдерін цифрландыру және мемлекет мүдделері мен көшіп-қонушылардың құқықтары арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық тетіктерді жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлейді. Авторлардың пайымдауынша, көші-қон саясаты адам құқықтарын қорғау халықаралық қағидаттарымен үйлесуі тиіс. Бұл зерттеу әкімшілік жауапкершілік жүйесін гуманизациялауға және әділеттілікті арттыруға бағытталған.

**Негізгі сөздер:** көші-қон, көшіп-қонушылар, әкімшілік жауапкершілік, әкімшілік жолмен шығарып жіберу, халықаралық тәжірибе.

**Кіріспе**

Көшіп-қонушылардың әкімшілік жауапкершілігі көші-қон үдерістерін құқықтық реттеудің маңызды тетіктерінің бірі ретінде қарастырылады. Жаһандық көші-қон ауқымының ұлғаюы мен шетелдік азаматтардың ел аумағына заңсыз кіруі және онда болу жағдайларының артуы мемлекеттерден көші-қон субъектілерінің құқықтарын сақтай отырып, тиімді құқықтық бақылау шараларын жүзеге асыруды талап етеді.

Қазақстан Республикасында ресми мәліметтерге сәйкес, жыл сайын көші-қон режимін бұзуға байланысты он мыңдаған әкімшілік құқық бұзушылық фактілері тіркеледі. Бұл жағдай ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіп мүдделері және адамның іргелі құқықтарын сақтау арасындағы үйлесімді тепе-теңдікке қол жеткізу қажеттілігімен тығыз байланысты. Әкімшілік санкциялар, әсіресе көшіп-қонушылардың осал санаттарына қатысты қолданылғанда, ерікті немесе шамадан тыс қатал сипатта болмауы тиіс. Сонымен қатар, көші-қон саласындағы жаппай әрі жүйелі құқықбұзушылықтарға жауап берудің тиімді тетіктерінің болмауы құқықтық тәртіптің тұрақтылығына елеулі қауіп төндіруі мүмкін. Осы аталған факторлар көші-қон саласындағы қолданыстағы құқықтық нормалар мен олардың құқық қолдану практикасы аясындағы тиімділігін кешенді түрде талдаудың аса өзекті әрі уақыт талабына сай екенін көрсетеді. Халықаралық стандарттарды, өзге мемлекеттердің тәжірибесін және құқықтық айқындық қағидаттарын ескере отырып, көшіп-қонушылардың әкімшілік жауапкершілігіне қатысты заңнамалық тәсілдерді жетілдіру – құқық қолдану тиімділігін арттыруға, құқық бұзушылықтар деңгейін азайтуға, сондай-ақ мемлекеттік мүдделер мен

көшіп-қонушылардың құқықтары арасындағы әділ тепе-теңдікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мақаланың мақсаты – көші-қон саласындағы әкімшілік жауапкершілік институтын кешенді түрде саралап, оның мәселелі аспектілерін анықтау, халықаралық тәжірибемен салыстырмалы талдау жүргізу және жетілдіруге бағытталған нақты ұсыныстар ұсыну болып табылады.

Қазіргі кезеңдегі көші-қон ағындарының артуымен қатар жүретін халықтың трансұлттық ұтқырлығы жағдайында қабылдаушы мемлекеттің аумағындағы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың мінез-құлқын құқықтық реттеу ерекше өзектілікке ие. Көшіп-қонушылардың әкімшілік жауапкершілігі – Қазақстан Республикасы аумағында болу және тұру қағидаларының сақталуын қамтамасыз ететін, сондай-ақ мемлекеттік бақылау жүйесінің ажырамас құрамдас бөлігі болып табылатын тетік ретінде маңызды рөл атқарады.

Көші-қон қызметінің мәліметтеріне сәйкес, соңғы жылдары Қазақстан Республикасына жыл сайын миллиондаған шетелдік азаматтар кіріп-шығып отырады. Осы үдеріс аясында шетел азаматтары тарапынан болу мерзімдерін, тіркеу тәртібін бұзу, рұқсатсыз еңбек қызметін жүзеге асыру, сондай-ақ визалық режим талаптарын сақтамау сияқты әкімшілік құқық бұзушылықтардың едәуір саны тіркелуде. Көшіп-қонушылар жиі тартылатын ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің негізгі баптарына 492, 517, 518 және 519-баптар жатады [1]. Сонымен қатар, мемлекет шетелдіктердің, соның ішінде көшіп-қонушылардың, құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету қажеттілігіне, әсіресе ұстау, елден шығару және бостандығын шектеу рәсімдері шеңберінде, ерекше назар аударуға мәжбүр.

Германия, Франция, АҚШ, Канада және Ресей мемлекеттерінің халықаралық тәжірибесі құқықтық айқындық, санкциялардың пропорционалдығы және қорғау тетіктерінің қолжетімділігі қағидаттарына негізделген құқықтық реттеудің әртүрлі модельдерін ұсынады. Аталған тәжірибелерді талдау тиімді құқықтық шешімдерді айқындауға, сондай-ақ көші-қон саласындағы заңнаманы шамадан тыс қатаңдатуға жол бермеуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында жүзеге асырылып жатқан көші-қон үдерістері ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, әлеуметтік тепе-теңдікті сақтау және адам құқықтарын қорғау мақсатында кешенді әрі мамандандырылған құқықтық реттеуді талап етеді. Бұл саладағы мемлекеттік ықпал ету құралдарының бірі шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғаларға көші-қон заңнамасын бұзғаны үшін қолданылатын әкімшілік жауапкершілік институты болып табылады. Сонымен қатар, қазіргі әкімшілік жазалар жүйесі санкцияларды ізгілендіру мен саралау бағытында қайта жаңғыртуды қажет етеді. Көші-қонды реттеу саласындағы нормативтік-құқықтық базаны және құқық қолдану тәжірибесін жетілдіру мемлекеттік мүдделер мен шетел азаматтарының құқықтарын ескеретін әділ әрі теңгерімді құқықтық механизм қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Заңды жауапкершілік түрі ретінде әкімшілік жауапкершілік заңдылық пен қоғамдық биліктің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Әкімшілік жауапкершілік құқық бұзушының немесе басқа да тұлғалардың жаңа құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында заңмен белгіленген мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдануды білдіреді екендігін ұмытпау керек. Ғылыми әдебиеттерде әкімшілік жауапкершілік мемлекеттің басқару саласындағы билік өкілеттіктерін жүзеге асыру нысаны ретінде қарастырылып, бұзылған құқықтық тәртіпті қалпына келтіруге бағытталған құрал ретінде анықталады [2].

### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

Бұл зерттеудің материалдық негізін Қазақстан Республикасының қолданыстағы Халықтың көші-қон заңы, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 492, 517, 518 және 519-баптары, осы баптар бойынша сот тәжірибесі, ресми статистикалық деректер, сондай-ақ Германия, Франция, АҚШ, Канада және Ресей Федерациясындағы көші-қон саласындағы әкімшілік реттеу тәжірибесі құрайды. Зерттеу барысында 2021–2024 жылдар аралығындағы нақты статистикалық көрсеткіштер мен сот актілері пайдаланылды.

Әдіснамалық тұрғыда зерттеу формальды-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық, жүйелік және статистикалық талдау әдістеріне негізделеді. Бұл тәсілдер көші-қон заңнамасының нормаларын теориялық және практикалық тұрғыдан саралауға, олардың халықаралық стандарттарға сәйкестігін бағалауға және құқық қолдану тәжірибесінің тиімділігі мен әділеттілігін талдауға мүмкіндік береді.

Салыстырмалы-құқықтық әдіс шеңберінде Германияның Aufenthaltsgesetz заңнамасы, Франциядағы әкімшілік сот тәжірибесі, АҚШ-тағы иммиграциялық сот рәсімдері, Канададағы алдын алу және заңдастыру модельдері мен Ресей Федерациясындағы көші-қон заңнамасының ерекшеліктері қарастырылды. Бұл елдердегі құқықтық реттеу үлгілері Қазақстан Республикасындағы әкімшілік жауапкершілік институтын жетілдіруге қажетті құқықтық және институционалдық ұсыныстарды негіздеуге септігін тигізді.

Жалпы алғанда, зерттеу құқықтық реттеу мен адам құқықтарының арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етуге бағытталған тиімді әкімшілік тетіктерді әзірлеуге, сондай-ақ көші-қон саясатын ізгілендіруге және құқықтық айқындықты қамтамасыз етуге бағытталған.

### **Нәтижелер және оларды талқылау**

Зерттеу нәтижелері көші-қон саласындағы әкімшілік жауапкершілік институтының құқықтық жүйені ізгілендіруді, санкцияларды саралауды, қорғау тетіктерін кеңейтуді және процедуралық әділдікті күшейтуді талап ететінін көрсетті. Сонымен қатар, қолданыстағы нормаларды нақтылау, бірізді сот тәжірибесін қалыптастыру, құқықтық түсіндіру мен көмек қызметтерін жетілдіру, цифрландыру мен омбудсмен институтын дамыту – құқықтық тепе-теңдікті қамтамасыз ету үшін маңызды бағыттар ретінде айқындалды.

Қазақстан Республикасында көшіп-қонушылардың әкімшілік жауапкершілігі институты көші-қон заңнамасының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және бұл институт көші-қон саласындағы тәртіпті қамтамасыз етуге, сондай-ақ қоғамдық мүдделер мен ұлттық қауіпсіздікті қорғауға бағытталған. Алайда, нақты заңнамалық база болғанына қарамастан, Қазақстан Республикасындағы көшіп-қонушылардың әкімшілік жауапкершілік институты бірқатар өзекті мәселелерге тап болады. Олардың бірі – құқық бұзушылықтың сипатына сәйкес санкциялардың жеткіліксіз саралануы. Мысалы, егер көшіп-қонушы өзіне тәуелді емес себептермен елде болу мерзімін бұзса, мысалы, құжаттардың кешігуіне байланысты, санкциялар тым қатал болуы мүмкін. Бұл жағдай көшіп-қонушылардың құқықтарын негізсіз шектеуге және әлеуметтік шиеленісті арттыруға әкелуі ықтимал [3]. Мысалы, жауапкершілікті дараландырудың теориялық қағидасы көші-қон құқық бұзушылықтары бойынша типтік істерде жиі ескерілмейді, бұл жерде отбасылық, еңбек немесе медициналық жағдайлар назарға алынбай, біржақты санкция – шығарып жіберу қолданылуда. Бұл жағдай доктрина мен институционалдық тәжірибені үйлестіру қажеттілігін, оның ішінде судьяларды қосымша оқыту, Жоғарғы Соттың ұсыныстарын әзірлеу және заңнаманы жетілдіруді талап етеді. Тағы бір мәселе – әкімшілік санкцияларды қолданудағы формалдылық. Тәжірибе барысында жеке жағдайларды ескермей, стандартты санкцияларды қолдану үрдісі байқалуда. Бұл әрбір жағдайдың ерекшеліктерін ескеретін, неғұрлым икемді жүйені енгізу мақсатында заңнаманы жетілдіруді қажет етеді. Осы орайда, соттар мен көші-қонды бақылау органдарының балаларымен келген көшіп-қонушылар үшін шығарып жіберудің гуманитарлық салдарын немесе ауыр медициналық мәселелерді бағалау құзыретін кеңейту қажеттілігі туындайды.

Көшіп-қонушылардың әкімшілік жауапкершілігі – көші-қон режимін бұзу арқылы құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік-құқықтық жауапкершілік шеңберінде туындайтын құқықтық жауапкершіліктің түрі. Қазақстан Республикасының азаматтарымен салыстырғанда, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың құқықтық жағдайы белгілі бір ерекшеліктермен сипатталады. Бұл ерекшеліктер олардың жалпы әкімшілік нормаларға бағынуымен қатар, халықаралық құқық нормалары мен Қазақстан Республикасының ұлттық көші-қон заңнамасының талаптарына сәйкес реттеледі.

Қазақстан Республикасының аумағындағы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың көші-қон қатынастарындағы әкімшілік құқық бұзушылықтары – бұл олардың елге кіру, уақытша немесе тұрақты тұру, еңбек қызметін жүзеге асыру, сондай-ақ елден шығу

тәртібін бұзуына байланысты туындайтын құқыққа қайшы, қасақана әрекеттер болып табылады. Мұндай құқық бұзушылықтар, әдетте, Қазақстан Республикасының көші-қон саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарды орындамау нәтижесінде пайда болады және олар елдің қоғамдық тәртібіне, ұлттық қауіпсіздігіне, сондай-ақ халықтың көші-қон үдерістерін реттеуге байланысты қоғамдық қатынастарға тікелей әсер етеді.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің (ҚР ӘҚБтК) 517-бабына сәйкес, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың елде болу ережелерін, оның ішінде тіркеу тәртібін, визалық режим шарттарын бұзуы, сондай-ақ еңбек қызметін тиісті рұқсатсыз жүзеге асыруы айыппұл салуға, әкімшілік жолмен шығарып жіберуге немесе өзге де ықпал ету шараларын қолдануға әкеп соғады. Сонымен қатар, ҚР ӘҚБтК-нің 518 және 519-баптары шетелдік жұмыс күшін тарту және пайдалану тәртібін бұзғаны үшін, сондай-ақ шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды қабылдайтын жеке немесе заңды тұлғалардың ҚР Халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілікті көздейді.

Көбінесе, мысалы, ҚР ӘҚБтК-нің 517-бабы шетелдік азаматтың немесе азаматтығы жоқ тұлғаның Қазақстан Республикасының көші-қон заңнамасын бұзуы ретінде қарастырылады. 2024 жылы тіркелген барлық әкімшілік құқық бұзушылықтар саны 16296 құрады, оның ішінде әкімшілік жауапкершілікке тартылған тұлғалар саны 14365. Әкімшілік жаза ретінде ескерту жасалғандар – 5918, әкімшілік айыппұл салынғандар – 5998, әкімшілік қамауға алынғандар – 534, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғаларға Қазақстан Республикасынан шығару шешімі шығарылғандар – 1915, қосымша жаза ретінде Қазақстан Республикасынан шығару шарасы қолданылғандар – 85, шетелдіктердің тартылуы – 15155, қысқартылған іс жүргізу тәртібінде өндірілген айыппұлдарға қатысты қаулылар саны – 1824, мәжбүрлеп орындатуға жіберілген айыппұлдар сомасы 1596790 теңгені құрады. Жылдар бойынша, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге ҚР ӘҚБтК-нің 517-бабы бойынша әкімшілік іс жүргізу шеңберінде шығарылған шешімдер саны 2021 жылы – 3584, 2022 жылы – 5935, 2023 жылы – 7464 шетелдіктерді құрады. Азаматтық сот ісін жүргізу тәртібінде 2021 жылы – 356, 2022 жылы – 318, 2023 жылы – 239, ал 2024 жылы – 385 шетелдікке қатысты шешімдер қабылданды. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған шетелдіктердің саны 2021 жылы – 356, 2022 жылы – 318, 2023 жылы – 239, 2024 жылы – 385 адамды құрады.

518-бап бойынша: Шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғаларды қабылдайтын жеке немесе заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының көші-қон саласындағы заңнамасын бұзуы. Есепті 2024 жылы кезеңде тіркелген барлық әкімшілік құқық бұзушылықтар саны 6601 құрады. Шетелдік азаматтардың тартылуы – 333, қысқартылған іс жүргізу тәртібінде өндірілген айыппұлдар бойынша қаулылар саны – 1225, мәжбүрлеп орындатуға жіберілген айыппұлдардың жалпы сомасы 424580 теңге болды.

519-бап бойынша: Шетелдік жұмыс күшін және еңбекші көшіп келушілерді Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып тарту. Есепті 2024 ж кезеңде тіркелген барлық әкімшілік құқық бұзушылықтар саны 693 құрады. Шетелдік азаматтардың тартылуы – 42, қысқартылған іс жүргізу тәртібінде өндірілген айыппұлдар бойынша қаулылар саны – 591, мәжбүрлеп орындатуға жіберілген айыппұлдардың жалпы сомасы 849 160 теңге болды.

492-бап бойынша: Қазақстан Республикасында тіркеусіз немесе жеке басты куәландыратын құжаттарсыз тұру. Есепті 2024 ж кезеңде тіркелген барлық әкімшілік құқық бұзушылықтар саны 89670 құрады. Шетел азаматтарының тартылуы – 2852, қысқартылған іс жүргізу тәртібінде өндірілген айыппұлдар бойынша қаулылар саны – 19913, мәжбүрлеп орындатуға жіберілген айыппұлдардың жалпы сомасы 11021364,4 теңгені құрады [4].

Сот тәжірибесін талдау нәтижесінде, қарастырылып отырған санаттағы істер бойынша соттардың әртүрлі жаза қолдану тәжірибесі маңызды мәселелердің бірі ретінде анықталды. Әрбір істің өзіндік ерекшеліктері болғанымен, баламалы санкцияларды таңдаудағы субъективті факторлардың әсері өзекті проблема ретінде танылуда. Сонымен қатар, соттардың санкция түрін айқындау кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ықпалы болуы ықтималдығы да назардан тыс қалмауы тиіс.

Көшіп-қонушылардың әкімшілік жауапкершілігі бірнеше ерекшеліктермен сипатталады: біріншіден, олардың құқықтық мәртебесінің шектелуі (мысалы, азаматтықтың болмауы ұлттық институттар арқылы қорғауды шектейді); екіншіден, негізгі құқықтарға әсер ететін шараларды қоса алғанда, күшейтілген әкімшілік ықпал (ұстау, шығарып жіберу, қозғалыс еркіндігін шектеу); үшіншіден, құқықтық қорғаудың шектеулі мүмкіндіктері, әсіресе жауапкершілікке тартудың немесе депортациялау рәсімдерінің жеделдетілген жағдайында.

Құқық теориясы тұрғысынан әкімшілік жауапкершілік жазалау және алдын алу функцияларын атқарып, жаңа құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында әрекет етеді. Сонымен қатар, әкімшілік санкцияларды қолдану кезінде мынадай негізгі қағидаттарға сәйкестік қамтамасыз етілуі тиіс:

- заңдылық, яғни санкциялар тек заңды негізде қолданылуы керек;
- құқық бұзушының құқықтық мәртебесі мен мінез-құлқын ескере отырып, жазаны дараландыру;
- пропорционалдылық, яғни құқық бұзушылықтың ауырлығына сәйкес санкциялардың сәйкес болуы;
- гуманизм, әсіресе отбасы, еңбек қатынастары бар немесе ұзақ уақыт бойы елде тұрып жатқан адамдарды шығарып жіберу мәселелерін қарау кезінде.

Айта кету қажет, халықаралық құқықтық стандарттар, оның ішінде Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің (13-бап) нормалары көшіп-қонушыларды өз еркімен немесе заңсыз депортациялауға тыйым салады және бұл іс бойынша жеке қарау, қорғау және апелляциялық шағым беру міндеттілігін белгілейді [5]. Осы ережелер мемлекеттерден әкімшілік рәсімдерде көшіп-қонушылардың құқықтарын қорғаудың тиімді тетіктерін құруды талап етеді.

Сондықтан, көшіп-қонушылардың әкімшілік жауапкершілік институты: бір жағынан ол мемлекеттік шекараны, қоғамдық тәртіпті және ішкі қауіпсіздікті қорғау құралы ретінде қызмет етеді, екінші жағынан адам құқықтары саласындағы халықаралық міндеттемелерді орындауды және осал топтарға адамгершілікпен қарауды қамтамасыз етеді.

Іс жүзінде, сот және құқық қолдану тәжірибесін ескере отырып, бірнеше тұрақты мәселелер анықталады: біріншіден, формалды тәсілдің басымдылығы байқалады. Санкциялар көбінесе құқық бұзушылықтың мән-жайларын ескермей қолданылады, мысалы, ауру немесе форс-мажорлық жағдайларға байланысты 1-2 күнге кешіктірілген тіркеу зиянды бұзушылықтармен бірдей жазланады. Сонымен қатар, шығару шарасының жаппай қолданылуы, яғни тіпті кішігірім бұзушылықтар үшін де стандартты санкция ретінде шығару жүзеге асырылады. Бұл халықаралық құқық пен конституциялық тәсілдерде бекітілген пропорционалдылық қағидасына қайшы келеді. Сонымен бірге, құқықтық көмекке қол жеткізудің қиындықтары да бар, өйткені көшіп-қонушылардың көпшілігі мемлекеттік немесе орыс тілдерін білмейді, өз құқықтарын түсінбейді және аудармашы немесе заңгерге қол жеткізе алмайды, шағым дайындауда тиімді көмек жоқ, ал құқықтық процестер жиі формалды түрде жүргізіледі. Бұл жағдайлардың барлығы процеске толыққанды қатысуға кедергі келтіреді.

Кейбір жағдайларда әкімшілік ықпал ету шаралары, әлеуметтік және гуманитарлық аспектілерді ескере отырып, шетелдіктер мен көшіп-қонушылардың құқықтарының бұзылуына алып келеді. Мысалы, отбасылық өмірді құрметтеу (кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары – Қазақстан Республикасының азаматтары болған жағдайда оларды шығарып жіберу), әділ талқылаудың қамтамасыз етілмеуі (тиімді қорғаудың болмауы), жүріп-тұру еркіндігі мен тұрғылықты жерін таңдау (шектен тыс тыйым салынған жағдайда қайта кіру) сынды жағдайлар орын алуы мүмкін. Бұл жағдайлар халықаралық құқық қорғау ұйымдарының шетелдік азаматтарға қатысты әкімшілік шаралардың ықтимал кемсітушілігі мен пропорционалдылығына қатысты сынына себеп болады.

ҚР ӘҚБтК-нің 41-бабының 9-тармағына сәйкес, шетел азаматтарын немесе азаматтығы жоқ тұлғаларды Қазақстан Республикасынан әкімшілік жолмен шығарып жіберу әкімшілік жаза түрлерінің бірі болып табылады. Бұған қоса, аталған Кодекстің 51-бабының 1-

тармағында шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ тұлғаларды әкімшілік жолмен шығарып жіберу сот шешімі негізінде, заңда белгіленген тәртіп пен негіздерге сәйкес қолданылатын әкімшілік жаза ретінде айқындалған. Әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың өзі шетел азаматтарын немесе азаматтығы жоқ тұлғаларды елден әкімшілік жолмен шығарып жіберу шарасына негіз бола алады.

Алайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында «шетел азаматын немесе азаматтығы жоқ тұлғаны Қазақстан Республикасынан әкімшілік жолмен шығарып жіберу» ұғымының нақты анықтамасы берілмеген. Әкімшілік шығарып жіберу – өзінің құқықтық табиғаты бойынша әкімшілік жаза түріне жатқызылады. Осыған байланысты, М.В. Назарова әкімшілік шығарып жіберуді тек қана жазалау құралы ретінде емес, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылыққа қатысы жоқ өзге де шара ретінде қолдануға болмайтындығын атап көрсетеді [6]. Бұл ретте, Н.В. Макарейко, М.В. Никифорова және И.А. Склярова әкімшілік қуғын-сүргіннің салдарын ескере отырып, әкімшілік шығарып жіберуді шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғаларға қолданылатын ерекше сипаттағы және айтарлықтай қатаң шара ретінде сипаттайды [7]. О.Н. Шерстобоевтің пікірінше, әкімшілік шығарып жіберу өз мәні жағынан ең ауыр әкімшілік жаза болып табылады, өйткені ол өзінің сыртқы белгілері, жазаның ұзақ мерзімді әсері және оны орындау барысында туындайтын шығындар көлемімен қылмыстық жауаптылық шараларына ұқсас сипатқа ие [8].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 6 сәуірдегі № 175 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ тұлғаларды мәжбүрлеп шығарып жіберу, сондай-ақ олардың жүріп-тұру бостандығын алдын ала шектеу туралы сот шешімі шығарылған кезде оларды ішкі істер органдарының арнайы мекемесінде ұстау қағидаларының» 9-тармағына сәйкес, шығарып жіберу шараларын іске асыруға байланысты шығыстарды шығарып жіберілетін тұлғалардың өздері немесе оларды Қазақстан Республикасына шақырған, не олардың заңсыз болуын анықтап, еңбек ресурстарын пайдаланған жеке немесе заңды тұлғалар өтейді. Егер осы тұлғалардың шығындарды өтеуге қажетті қаржылық мүмкіндіктері болмаса немесе қаражаты жетіспесе, бұл шығыстар мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жабылады. Сонымен қатар, мемлекет бұл шығындарды өтеу үшін тиісті мемлекеттік органдар арқылы сот тәртібімен талап қою құқығын іске асырады [9].

Әкімшілік жолмен шығару – бұл шетелдік азаматты мемлекет аумағында болу мүмкіндігінен айыру арқылы жүзеге асатын мемлекеттік шектеу шарасы. Дәстүр бойынша, бұл шара әкімшілік құқық бұзушылық үшін санкция ретінде қолданылады және әкімшілік іс жүргізу нәтижесінде белгіленеді. Шетел азаматын Қазақстан Республикасының аумағынан шығарып жіберу көші-қон режимі, әкімшілік құқық бұзушылық немесе ұлттық қауіпсіздік саласындағы заңнаманы бұзған жағдайда қолданылатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы болып табылады. 1995 жылғы 19 маусымдағы «Шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 28-бабына сәйкес, шетел азаматтары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда, сот шешімі бойынша, ел аумағынан шығарыла алады [10].

Құқықтық әдебиеттерде шығарып жіберу әдетте репрессиялық сипаттағы әкімшілік санкция ретінде қарастырылады, ол жеке тұлғаға қатысты мәжбүрлеу шараларын, құқықтарды шектеуді және теріс құқықтық салдарларды қамтиды [11]. Сонымен қатар, кейбір сарапшылардың көзқарасы бойынша, «жеке көші-қон юрисдикциясын құру немесе халықаралық стандарттарға сәйкес құқықтарды қорғауды қамтамасыз ету мақсатында әкімшілік соттарға шығарып жіберу жөніндегі барлық істерді беру» қажет.

ҚР ӘҚБтК-нің 517-бабының 3-тармағына сәйкес, шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасының Халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасын бұзуы мынадай жағдайларға әкеледі:

- 1) үш тәулік ішінде – ескерту жасауға;
- 2) үш тәуліктен астам бес тәулік өткенге дейін – он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді;

3) бес тәуліктен астам он тәулік өткенге дейін –он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

Шығару шарасы қайтымсыз және жазалаушы сипатқа ие екенін атап өткен жөн: шетелдік азаматқа әдетте бес жылға дейін елге кіруге тыйым салынады, ал тұруға рұқсатты қайта алу өте қиынға түседі. Бұл бес жылдық тыйым заңмен автоматты түрде белгіленіп, сот шешімінде жеке нұсқауды талап етпейді. Сонымен қатар, шетелдікке бұрын берілген тұруға рұқсат ететін барлық құжаттар (мысалы, визалар, уақытша тұруға рұқсат, тұруға ыхтиярхат) шығарып жіберу шарасы жүзеге асырылғаннан кейін өз күшін жоғалтады және қолданылмайды. Шығару шарасы орындалғанға дейін шетелдікке міндетті түрде дактилоскопиялық тіркеу (саусақ іздерін алу) жүргізіледі. «Шығарып жіберу» (әкімшілік, азаматтық, қылмыстық шығарып жіберу) термині көші-қон заңнамасын бұзу нәтижесінде шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды елден шығару мақсатында қолданылатын мәжбүрлеу шарасын білдіреді. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды әкімшілік жолмен шығарып жіберу әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін қолданылады.

Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасынан шығарып жіберу тек баламалы және негізгі әкімшілік жаза ретінде қолданылуы мүмкін, өйткені бұл шара: 1) әкімшілік жауаптылықтың елеулі әрі қатал түрі болып табылады; 2) қылмыстық жауаптылық шараларымен салыстыруға болады; 3) жазалаушы сипатқа ие; 4) тұлғаның конституциялық құқықтарын шектейді; 5) бес жылға дейін Қазақстан Республикасына кіруге тыйым салуды көздейді.

Осыған байланысты, Г.М. Баймұхаметова ҚР ӨҚБТК-де әкімшілік шығарып жіберуді қосымша әкімшілік жаза ретінде қолдану мүмкіндігін қарастыратын нормаларды алып тастауды ұсынады [12].

Қ.М. Қожахметованың пікірінше, әкімшілік жауапкершіліктің басты ерекшелігі оның қылмыстық және тәртіптік жауапкершілік арасындағы аралық жағдайында болуы [13]. Әкімшілік жауапкершілік соттылықты қамтымайды, алайда айыппұл, қамауға алу, лицензиядан айыру немесе шетел азаматтары үшін елден шығарып жіберу сияқты шаралар арқылы азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын шектейді. Теориялық тұрғыдан, әкімшілік жауапкершілік институтының негізгі қағидаттары заңдылық, жазаны даралау, кінәсіздік презумпциясы және пропорционалдылық болып табылады. Осы қағидаттар әкімшілік әділет жүйесін қалыптастырып, оны құқық қолдану мен институционалды жобалаудың негізі ретінде қызмет атқарады.

Заңнамада әкімшілік жолмен шығарып жіберу Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 51-бабында көзделген құқық бұзушылық үшін санкция ретінде қарастырылады және Қылмыстық кодексте белгіленген қылмыстық құқық бұзушылық үшін (ҚК-нің 40 және 51-баптары) [14]. Бұл шара шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ тұлғалардың мемлекеттің қалаусыз немесе қоғамға жат әрекеттеріне ден қою ретінде қолданылады. «Шығарып жіберу» ұғымының дәл осы мағынасы «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» ҚР Заңының 28-бабында және «Халықтың көші-қоны туралы» ҚР Заңының 60-бабында [15] көрсетілген. Бұған қоса, АПК-нің 302-304-баптарының мазмұны да бұл көзқарасты қолдайды, себебі ол бойынша ішкі істер органдарының Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзған шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды елден шығару туралы өтініші ерекше іс жүргізу тәртібімен қаралады (АПК-нің 49-тарауы, 382-386-баптары) [16].

2020 жылғы 19 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасының «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Заңында азаматтарды соттың санкциясынсыз шығарып жіберу үшін қажетті мерзімге дейін ұстауға рұқсат етілген болатын. Конституциялық Кеңес өз ұсынымдарында ішкі істер органдарының арнайы мекемелерінде шығарып жіберуге жататын көшіп келушілерді ұстау мерзімдерінің реттелмеуі және осы шектеу шарасын қолданудың заңдылығын сот бақылауына кепілдіктердің болмауы Конституциялық қағидаттардың бұзылуына әкеліп соғуы мүмкін екенін атап, бұл құқықтық олқылықтың жойылуы қажеттігін мәлімдеді. Нәтижесінде, 2020 жылғы 19 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының кейбір

заңнамалық актілеріне адамдарды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу кезінде ұстап алу мерзімдерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды [17]. Атап айтқанда, «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» 1995 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, шығарып жіберу туралы шешімді сот қабылдайды, ал шетелдік азамат осы шешімде көрсетілген мерзімде Қазақстан Республикасынан кетуге міндетті болады. Қазақстан Республикасынан шығарып жіберу туралы сот шешімін жүзеге асыру екі жолмен жүзеге асырылады: шығарып жіберілетін адамның бақылаудағы өз бетінше шығуы немесе мәжбүрлеп шығарып жіберу. Егер шығарылып жіберу туралы шешім қабылданған адам белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасынан кетпесе, ол соттың санкциясымен жүріп-тұру еркіндігін алдын ала шектеуге және мәжбүрлеп шығарып жіберуге жатады. Жүріп-тұру еркіндігін алдын ала шектеу шарасы оны Қазақстан Республикасынан шығарып жіберуге қажетті дайындық кезеңі ретінде жүзеге асырылады, алайда бұл шектеу отыз тәуліктен аспайтын мерзімге ғана қолданылуы мүмкін. Мұндай тұлға ішкі істер органдарының арнаулы мекемелерінде ұсталып, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тәртіп бойынша тұтқындалады.

Көші-қон заңнамасын жетілдіру мақсатында «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Заңның 28-бабына маңызды өзгерістер енгізілді. Бұл өзгерістер қылмыстық және әкімшілік істер бойынша, сондай-ақ ерекше іс жүргізу бойынша сот шешімдерін мәжбүрлеп орындау үшін шығарып жіберуге жататын шетел азаматтарын ұстау мерзімі мен тәртібін нақтылауға бағытталған. Жаңа түзетулерге сәйкес, шетелдік азаматты шығарып жіберу туралы шешімді тек сот қабылдайды, ал Қазақстан Республикасынан кету міндеті шығарылып жіберілетін тұлғаға сот актісінде айқын көрсетілген мерзімдерге сәйкес жүктеледі. Полиция органдары «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 28-бабындағы «егер ол Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзса» деген ережеге сәйкес, шетелдіктерді ел аумағынан шығару үшін сотқа арыздар ұсынады. Мысалы, Атырау қаласында шетелдік азамат жерге темекі қалдырғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылған, нәтижесінде полиция органдары сотқа шығарып жіберу туралы өтінішпен жүгінген [18]. Мұндай жағдайлар заңның нақты ережелерін дұрыс түсінбеуден туындайды, себебі бұл ереже міндетті түрде қолданылуы тиіс норма емес. Осы жағдай бойынша сот арызды қанағаттандырмады. Дегенмен, мұндай ойластырылмаған әрекеттер негізсіз сот шығындарын туындатуы мүмкін, мысалы, шетелдік азамат Ш. жол ережесін бұзғаны үшін шығарып жіберу туралы талап арызы бойынша азаматтық сот ісі қозғалған. Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін бұл тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылғаннан кейін, ішкі істер департаменті азаматтық юрисдикция сотына шығарып жіберу туралы талап арыз берген. Шетелдік азамат Ш. қатысты жоғарыда келтірілген мысалға сәйкес, әкімшілік іс жүргізу шеңберінде қолданылатын әкімшілік жаза мен азаматтық сот ісін жүргізуде шығарып жіберу бірдей мазмұнды болып табылады. Азаматтық сот ісін жүргізу барысында шетелдік азаматқа бұрын тағайындалған әкімшілік жазаға қосымша жауапкершілік белгіленіп, оның тұрғылықты жері мен қозғалыс еркіндігі шектелген.

«Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 28-бабындағы Қазақстан аумағынан тысқары жерге шығарып жіберу нормасы, полицияға қолдану үшін негіз бола отырып, сот жүктемесінің негізсіз артуына және құқық қолдануда түрлі түсіндірмелердің туындауына әкелуі мүмкін екенін ескере отырып, «егер ол Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзса» деп жазылған ереже тым кең мағынаға ие деп айтуға болады. Осыған байланысты, балама анықтамалық нұсқа ретінде «шетелдікті Қазақстан Республикасының шегінен шығаруға болады: ... в) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген негіздер мен тәртіп бойынша» деп жазуды ұсынуға болады. Мұндай түзету заңнамалық бұзушылықтар үшін шетелдіктерді мемлекеттен шығарып жіберуді негіздемей, тек заңдарда көрсетілген нақты негіздер бойынша ғана жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, Қазақстаннан шығарып жіберілген көшіп-қонушыларға бес жыл мерзімге Қазақстанға кіруге тыйым салынатынын ескеру маңызды. Алайда, жоғарыда көрсетілген құқықтық норманың тым кең түсіндірілуі мен құқық қолдануда туындайтын

эртүрлі түсіндірмелерді ескеріп, бұл норманы жетілдіру қажет. Осылайша, кез келген заңнамалық бұзушылық үшін мемлекеттен шығарып жіберуге негіз берілмей, тек заңдарда белгіленген негіздер бойынша ғана бұл шараны қолдану керек [19].

Шетелдік тәжірибені зерттеу нәтижесінде, көшіп-қонушылардың әкімшілік жауапкершілігіне қатысты көзқарастардың қатал әрі репрессивті әдістерден икемділікке және жеке құқықтарды қорғауға бағытталған тәсілдерге ауысқаны анықталды. Салыстырмалы талдау Қазақстанның заңнамасын жетілдіру кезінде өзге елдерде табысты деп танылған тәжірибелерді қолдануға мүмкіндік береді, сонымен қатар жүйелі мәселелерді анықтауға да жол ашады.

Германияның заңнамасы (Aufenthaltsgesetz, §95 - §98) шетелдіктердің кіру, тұру және еңбек қызметі жағдайларына қатысты әкімшілік бұзушылықтардың кең ауқымын қарастырады. Оның негізгі ерекшелігі – кішігірім және ауыр бұзушылықтар арасындағы нақты айырмашылықтың болуы; шығарудың салдары міндетті түрде жеке бағаланады; отбасылық байланыстар, тұру мерзімі, интеграция деңгейі есепке алынады; сот арқылы қорғау және адвокатқа қол жеткізу процедуралары да заңға сәйкес міндетті элементтер ретінде қарастырылады. Германиядағы шығару тәсілінің икемділігі, гуманитарлық жағдайлар, балалар, өмір сүру ұзақтығы мен интеграция деңгейі ескеріліп, көші-қон омбудсмендерін енгізу мен сот бақылауының болуы, сондай-ақ шығаруды кейінге қалдыру мүмкіндігі бар. Германияда уақытша рұқсат беру механизмі кеңінен қолданылады [20].

Францияда шығаруды әкімшілік және сот бақылауының дамыған жүйесі бар. Көшіп-қонушы әкімшілік ұстау мерзімі 90 күнмен шектеледі және бұл мерзім тек соттың рұқсатымен ғана ұзартылады. Көшіп-қонушылар ақысыз аудармашы мен адвокатқа жүгіну құқығына ие және әкімшілік сотта шығарып жіберуге қарсы шағымдана алады. Отбасылық өмір қағидатына сәйкес (Еуропалық соттың прецеденттері), егер көшіп-қонушылардың Францияда туған балалары болса, билік жиі депортациядан бас тартады. Сонымен қатар, шетелдіктер ісі бойынша арнайы соттар құрылып, күшті сот қорғауы, аударма қызметі, тегін көмек көрсету және отбасылық байланыстарды есепке алу шаралары қамтамасыз етіледі [21].

Ресей Федерациясында көшіп-қонушыларға қатысты негізгі құрал ретінде Әкімшілік құқық бұзушылықтар кодексінің 18.8-бабы кеңінен қолданылып, болу тәртібін бұзғаны үшін санкциялар тағайындалады. Бұл жүйенің ерекшеліктеріне жаппай шығарып жіберу, жеке бағалаудың болмауы, отбасылық жағдайларды ескерместен санкциялардың ресми негізде бекітілуі, 5 жылға дейін кіруге тыйым салынған тұлғаларды «қара тізімге» қосу тәжірибесі кіреді. Ресейдің ӘҚБТК-нің 18.8-бабы, көші-қон режимін бұзу бойынша, жиі қолданылады, сонымен қатар гуманитарлық негіздер өте шектеулі түрде қарастырылады. Бұл әдіс қатаң және рәсімделген түрде жүзеге асырылады, бірақ шектеулі кепілдіктер мен жаппай шығарып жіберу жағдайлары орын алады. Кең құқықтық база болғанымен, соттар ішкі істер министрлігінің қаулыларын сирек жояды, бұл құқық қорғаушылардың алаңдаушылығын туғызады [22].

АҚШ-та көші-қон саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін қолданылатын шаралар қатаң сипатта болғанымен, құқықтық қорғау тетіктері де қарастырылған. Америкалық көші-қон жүйесі кең әкімшілік өкілеттіктермен сипатталады, бұл тіпті болу мерзімінің бір күнге ғана асып кетуі сияқты ұсақ құқық бұзушылықтар үшін де депортациялау мүмкіндігін туындатады. Алайда, мұндай жағдайда көшіп-қонушылардың келесі құқықтары сақталады: елден шығаруға қарсы қорғау шаралары туралы өтініш беру (мысалы, босқын мәртебесін сұрау немесе депортациядан бас тарту туралы өтініш), иммиграциялық сотта арнайы тыңдауға қатысу және қабылданған шешімге Жоғарғы Сотқа дейін шағымдану мүмкіндігі. АҚШ құқықтық жүйесінде «жұмсақ» және «қатаң» депортация ұғымдары ажыратылады, бұл көші-қон тәртібін бұзудың сипаты мен қоғамдық қауіп деңгейіне қарай бағаланады. Осылайша, әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін депортация кеңінен қолданылса да, оны іске асыру процесінде іс жүргізу кепілдіктері мен құқықтық қорғау механизмдері сақталады [23].

Канада көші-қон саясатының үлгісі алдын алу шараларына негізделген, жазалаушы шаралардан гөрі ескерту мен ынтымақтастыққа басымдық береді. Бұл модельде көшіп-

қонушылардың ерікті түрде елден шығуы басты мақсат ретінде қарастырылады. Егер құқық бұзушылық орын алса, көшіп-қонушыға бұзушылықты түзету туралы ескерту жіберіледі, ал санкциялар тек ынтымақтастықтан бас тартқан жағдайда ғана қолданылады. Депортация жағдайында қайта қарау, заңгердің қатысуы және жаңа дәлелдер беру мүмкіндігі қарастырылған. Канада көші-қон бұзушылықтарын тек құқық бұзушылық тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар ақпараттық немесе тілдік кедергілерді білмеу, қол жетімсіздік нәтижесінде де қарастырады. Әкімшілік реттеу жазалау шараларынан гөрі ескертуге бағытталған, санкцияларға дейін ескерту және мәртебені түзету жүйесі, икемділік, алдын алу, ескертулер, қайта қарау, құқықтық көмек қолданылады [24].

Қазақстан Республикасының заңнамасын, құқық қолдану тәжірибесін және халықаралық үлгілерді талдау негізінде көшіп-қонушылардың әкімшілік жауапкершілігі институтын жетілдірудің бірқатар басым бағыттарын анықтауға болады. Бұл бағыттар, бір жағынан, құқық қолдану тиімділігін арттыруды, ал екінші жағынан, әкімшілік ықпал ету шараларын қолдану барысында адам құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуді көздейді. Сондықтан:

1. Әкімшілік құқық бұзушылық құрамдарын нақтылау қажеттілігі болып тұр. Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің бірқатар баптарында, атап айтқанда 517-бапта, құқық қолданушыларға кең ұйғарым жасауға мүмкіндік беретін жалпылама тұжырымдар кездеседі. Мұндай тұжырымдардың болуы құқық қолдану тәжірибесінде бірізділіктің болмауына, сондай-ақ көші-қон қызметі өкілдерінің субъективті көзқарасына негізделген әркелкі шешімдер қабылдау қаупіне әкеледі. Бұл құқықтық нормаларды түсіндіру мен қолдану барысында заңды бұзушылықтарды саралауда кең қалаудың орын алуына себеп болады. Мысалы, «көші-қон заңнамасын бұзу», «кетуден жалтару», «сәйкессіздік» немесе «бұзушылық» сияқты ұғымдар нақты құқық бұзушылықтың мазмұнына сай анықталмағандықтан, оларды қолдану көбіне уәкілетті орган өкілдерінің субъективті пайымына тәуелді болуы мүмкін.

Ұсыныс ретінде: құқық қолдану үдерісінің болжамдылығы мен әділдігін қамтамасыз ету мақсатында әкімшілік құқық бұзушылықтарға қатысты тұжырымдарды нақтылау орынды. Бұл, ең алдымен, қандай нақты құқық бұзушылықтар әкімшілік шығарып жіберуге, айыппұл салуға немесе өзге де жаза түрлерін қолдануға негіз болатынын нақты әрі бірмәнді түсінуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, ҚР ӘҚБтК-нің 517-бабында құқық бұзушылық құрамын нақтылау қажет, мысалы: тіркеудің бір реттік кешігуі мен тіркеуден 1–2 күнге жүйелі түрде жалтару арасындағы айырмашылықтарды нақты белгілеу.

Оқшау, кездейсоқ сипаттағы құқық бұзушылықтар мен неғұрлым жүйелі және елеулі сипаттағы бұзушылықтарды ажырату жазаның әділеттілігі мен оның пропорционалдылығын айқындау үшін маңызды. Мұндай нақтылау құқық қорғау органдарының құқық бұзушылықтың салмағы елеусіз болған жағдайда шамадан тыс қатаң шаралар қолдануына жол бермейді және құқық қолданудағы әділетсіздік пен шамадан тыс еркіндікті болдырмауға ықпал етеді. Сондай-ақ құқық бұзушылықтардың маңыздылығын бағалау өлшемшарттарын нақтылайтын және құқық бұзушылық елеусіз деп танылуы мүмкін жағдайларды сипаттайтын түсіндірме ескертпелер енгізуді ұсынамыз. Бұл өз кезегінде құқық қолдану практикасында бірізділікті қамтамасыз етеді және шешім қабылдаудағы субъективтілікті төмендетуге септігін тигізеді. Мұндай ескертпелер мыналарды қамтуы мүмкін: құқық бұзушылықтың маңыздылығын бағалауға арналған нақты критерийлерді айқындау; жауапкершіліктен босату туралы шешім қабылдау кезінде ескерілуге тиіс мән-жайларды нақты көрсету; жазалау шарасы ретінде ескерту беру механизмін қолдану жөнінде ұсынымдар әзірлеу.

Аталған тәсіл құқық қолдану саласында ашықтық пен әділеттікті арттыруға және азаматтардың құқықтарының тиімді қорғалуына ықпал етеді.

2. Жағдайға байланысты санкцияларды саралау мақсатында, жеңілдететін мән-жайларды бағалау үшін нақты әрі егжей-тегжейлі критерийлерді әзірлеу қажет. Мұндай критерийлер құқық қолдану тәжірибесінің бірізділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, олар құқық қолданушы органдарға да, құқық бұзушыларға да айқын әрі түсінікті болуы тиіс, әрі олардың қолданылуы барлық тұлғаларға тең дәрежеде жүргізілуі қажет. Бұл, өз кезегінде,

шешім қабылдау процесіндегі субъективтілікті азайтуға, әділетсіз және негізсіз шешімдердің алдын алуға ықпал етеді. Нәтижесінде құқық қолдану саласында әділеттілік пен жүйелілікке қол жеткізіледі.

Ұсыныс ретінде: Әкімшілік жолмен шығару шарасының орнына балама әкімшілік санкцияларды енгізу (мысалы, ХҚКО көші-қон қызметтеріне міндетті түрде бару, айыппұл төлеуді кейінге қалдыру) орынды болар еді. Өйткені көші-қон заңнамасын бұзу барлық жағдайда бірдей елеулі қоғамдық қауіп тудырмайды, ал шығарып жіберу – тым қатаң және қайтымсыз шара ретінде қарастырылады. Жеңіл бұзушылықтар кезінде неғұрлым жұмсақ баламаларды қолдану, атап айтқанда, көші-қон орталықтарына міндетті түрде бару немесе, жеке жағдайларды ескеруге және көшіп-қонушыға өз құқықтық мәртебесін қалпына келтіру мүмкіндігін сақтауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, ескерту қолданудың нақты және айқын критерийлерін әзірлеу мен бекіту құқық қолдану практикасының бірізділігі мен әділеттілігін қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Ескерту – құқық бұзушыға заңды бұзғаны үшін бірден санкция қолданбай, өз іс-әрекетін түзетуге мүмкіндік беретін алдын алу сипатындағы шара.

Бұдан бөлек, құқық бұзушылықтың салдарын жоюға және қоғамға пайдалы іс атқаруға бағытталған, қоғамдық жұмыстар түріндегі балама санкцияларды енгізу де мүмкін. Мұндай шаралар әлеуметтік немесе экологиялық сипаттағы мәселелерді шешуге бағытталуы мүмкін және бұл көшіп-қонушының қоғаммен байланысын сақтап қалуға, сондай-ақ құқық бұзушылықты қайталаудың алдын алуға ықпал етеді.

### 3. Көшіп-қонушылардың процедуралық құқықтарын қорғау кепілдіктері.

Қазіргі таңда көптеген көшіп-қонушылар өз құқықтары туралы жеткілікті ақпараттандырылмаған, сондай-ақ оларға адвокаттың немесе кәсіби аудармашының көмегіне қол жеткізу әрдайым мүмкін бола бермейді.

#### Ұсыныстар:

– Көшіп-қонушылардың тілдік кедергілерге жиі тап болатынын ескере отырып, бұл олардың әкімшілік рәсімдерді дұрыс түсінуіне және өз құқықтарын тиімді қорғауына кедергі келтіруі мүмкін. Осыған байланысты, шығарып жіберу рәсінде әділдік пен заңдылықты қамтамасыз ету үшін білікті аудармашының және адвокаттың қатысуы міндетті болуы тиіс. Атап айтқанда, бұл адам құқықтарын қорғауға қатысты мәселелерде аса маңызды. Мұндай нормалар заңнамада қарастырылғанымен (мысалы, көшіп-қонушының құқықтарын түсінікті тілде түсіндіру, аудармашы мен қорғаушының міндетті түрде қатысуын қамтамасыз ету), тәжірибе көрсеткендей, оларды тиімді әрі толық іске асыру қосымша шараларды қажет етеді. Осы мақсатта қолжетімді білікті аудармашылар мен адвокаттардың арнайы тізілімін әзірлеу ұсынылады.

– Сонымен қатар, шағым беру кезінде шығарып жіберу туралы шешімнің орындалуын автоматты түрде кейінге қалдыру тәртібін енгізу қажет. Бұл рәсім көшіп-қонушыны шешім заңды күшіне енгенге дейін қорғауға бағытталған және шығарып жіберудің негізсіз жүзеге асырылуының алдын алады. Мұндай тетік – құқықтық қорғауды қамтамасыз етудің орынды жолы ретінде қарастырылады.

– Бұған қоса, Қазақстан Республикасынан тыс жерге шығарып жіберу түріндегі жаза қолдану кезінде бірыңғай сот практикасын қалыптастыру және арнаулы мекемелерде көшіп-қонушылар мен азаматтығы жоқ тұлғаларды ұстау шарттарының сақталуын сот және прокуратура тарапынан тиімді бақылауды қамтамасыз ету қажет.

Бұл шаралар әкімшілік процестерде заңдылық пен адам құқықтарын сақтауды арттыруға, сондай-ақ құқық қолдану тәжірибесіндегі бірізділік пен әділдікті қамтамасыз етуге ықпал етеді.

### 4. Көшіп-қонушылардың осал санаттарын қорғау.

Ұсыныс ретінде: Ұлттық қауіпсіздікке нақты қауіп төндіретін жағдайларды қоспағанда, көшіп-қонушыларға елімізде болу мәртебесін реттеуге мүмкіндік беру ұсынылады. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде осал санаттағы тұлғаларды ел аумағынан шығаруға тыйым салатын норма бекітілуі тиіс. Мұндай қадам көші-

қон саласындағы саясатты ізгілендіруге және қорғауға мұқтаж тұлғаларды депортация сияқты қатаң шаралардан қорғауға бағытталады. Атап айтқанда, шығару шарасы кәмелетке толмағандарға, жүкті әйелдерге, қарт азаматтарға және мүгедектігі бар адамдарға қатысты ауыр гуманитарлық салдарға әкелуі мүмкін. Сондықтан, ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін жекелеген жағдайларды қоспағанда, мұндай тұлғаларға қатысты елден шығару шараларын қолданбау орынды болып табылады. Бұл ретте қауіптің бар-жоғын дәлелдейтін нақты, мұқият және негізделген бағалау жүргізілуі қажет. Сонымен қатар, көшіп-қонушыны жауапкершілікке тарту немесе шығару туралы шешім қабылдау кезінде міндетті гуманитарлық бағалау жүргізуді заңнамада бекіту ұсынылады. Мұндай бағалау әр істің ерекше мән-жайларын жүйелі түрде ескеруге мүмкіндік беріп, жазалау немесе шығару шешімдерін қабылдау процесін неғұрлым әділ және икемді етеді. Бұл шара адам құқықтарын сақтау мен қорғауды басымдыққа қоятын құқық қолдану жүйесін қалыптастыруға септігін тигізеді, сондай-ақ құқықтық саясатты гуманизациялауға ықпал етеді.

5. Мәртебені заңдастыру және құқық бұзушылықтардың алдын алу тетіктері.

Көп жағдайда көшіп-қонушылар әкімшілік құқық бұзушылықтарға әдейі емес, ақпараттың жеткіліксіздігі, бюрократиялық рәсімдердің күрделілігі немесе құжаттарды уақтылы ресімдей алмау салдарынан жол береді.

Ұсыныс ретінде: Болуының рұқсат етілген мерзімін бұзған шетел азаматтарына санкциялар қолданбастан құқықтық мәртебесін реттеуге мүмкіндік беретін ерікті заңдастыру тетігін заңнамаға енгізу қажет. Мұндай тәсіл көшіп-қонушыларға бұрынғы құқық бұзушылықтарын қосымша жазаға тартусыз реттеу құқығын береді, бұл олардың құқықтық кеңістікке қайта қосылуына, әлеуметтік бейімделуіне және көлеңкелі көші-қон деңгейін төмендетуге ықпал етеді.

Бұл механизм көшіп-қонушыларға ұзақ мерзімді жағымсыз салдарларға – атап айтқанда, депортацияға немесе елден шығаруға, бұзушылықты түзетуге мүмкіндік беріп, адамгершілікке негізделген құқық қолдануды қамтамасыз етеді. Алайда, мұндай рәсімнің құқықтық негізі нақты белгіленуі тиіс және оны теріс пайдалану ықтималдығын болдырмау үшін тиісті құқықтық шектеулермен қатар жүруі қажет.

Сонымен қатар, көші-қон заңнамасының талаптарын түсіндіру және құқықтық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік көші-қон консультациялық орталықтарын құру орынды. Бұл орталықтар құқықтық және тілдік қолдауды қамтамасыз етіп қана қоймай, көшіп-қонушыларға тегін әрі қолжетімді консультациялық қызметтердің толық спектрін ұсына алады. Атап айтқанда, мұндай орталықтар шетел азаматтарына құқықтары мен міндеттері жөнінде ақпарат беріп, құжаттарды ресімдеуде немесе визаларды ұзартуда тәжірибелік көмек көрсетуі мүмкін.

Осы ұсынылған шаралар құқықтық мәдениетті арттыруға, көші-қон үдерістерін ізгілендіруге және көшіп-қонушылардың құқықтарын қорғауды тиімді қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл ретте құқық бұзушылықтардың алдын алу мүмкіндігі күшейіп, құқық қолдану жүйесінің әділдігі мен тиімділігі арттырылады.

6. Институционалдық бақылауды енгізу.

Көшіп-қонушылардың құқықтарын қозғайтын әкімшілік шаралардың заңдылығы мен пропорционалдығын қамтамасыз ету үшін қосымша бақылауды енгізу қажет.

Ұсыныс:

1) Көші-қон омбудсменінің тәуелсіз органы ретінде жұмыс істейтін жеке институтын құруды қарастыру маңызды. Бұл орган биліктің іс-әрекетінің заңдылығын бақылап, көшіп-қонушыларға заңсыз деп санайтын әрекеттерге шағымдануға мүмкіндік беріп, олардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуі тиіс. Мұндай жүйе қоғамның көші-қон саласына деген сенімділігін арттырып, оның ашықтығын күшейтеді. Мамандандырылған органды енгізу елімізде көшіп-қонушылардың құқықтарын қорғауды нығайтуға бағытталған маңызды қадам болып табылады.

2) Құқық қорғау ұйымдарының мониторингін қамтамасыз ету үшін шығаруға қатысты шешімдердің жария тізілімін енгізуді ұсыну орынды. Шығару туралы шешімдер тізілімі құқық

қорғау органдары мен халықаралық институттар үшін бақылаудың ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл тізілім сондай-ақ көшіп-қонушылардың өздері үшін де маңызды бақылау құралы бола алады, себебі ол санкцияларды негізсіз немесе ерікті түрде қолданудың алдын алуға көмектеседі.

3) Әкімшілік іс жүргізуді жеңілдету мен жеделдету, сондай-ақ қолжетімділік пен ашықтықты арттыру мақсатында көші-қон рәсімдерін цифрландыруды белсенді дамыту қажет. Бұл шаралар құқық қорғау тәжірибесінде әділеттілік пен адамгершілікті арттырып, көші-қон үдерістерін жеңілдетуге және Қазақстандағы көшіп-қонушылардың құқықтарын қорғаудың жалпы жағдайын жақсартуға ықпал етеді.

### Қорытынды

Қазақстан Республикасындағы көшіп-қонушылардың әкімшілік жауапкершілігі көші-қон үдерістерін тиімді реттеу, құқықтық тәртіпті сақтау және ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрғысынан маңызды құрал болып табылады. Дегенмен, қазіргі құқықтық реттеу және оның қолданылу тәжірибесі құқықтық белгісіздікті, процедуралық кепілдіктердің жеткіліксіздігін және санкциялардың пропорционалдығын қамтамасыз етудегі бірқатар маңызды мәселелерді анықтайды.

Заңнамалық талдау нәтижелері көрсеткендей, кейбір жағдайларда әкімшілік шаралар, соның ішінде шығарып жіберу және әкімшілік ұстау, көшіп-қонушының нақты өмірлік жағдайларын, оның кінәсінің дәрежесін, отбасының бар-жоғын немесе елде ұзақ уақыт тұруын көп жағдайда ескерместен жүзеге асырылады. Мұндай тәжірибе Қазақстанның Адам құқықтары жөніндегі халықаралық міндеттемелеріне, атап айтқанда, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің ережелеріне қайшы келеді.

Халықаралық тәжірибені салыстырмалы түрде зерттеу (Германия, Франция, АҚШ, Канада, Ресей) әкімшілік жауапкершілікті даралау, хабарлама рәсімдерін енгізу, көшіп-қонушыларға құқықтық көмекті кеңейту, сондай-ақ шығарып жіберу туралы шешімдер қабылдауда гуманитарлық бағалау сияқты тиімді тәсілдердің қолданылуын көрсетеді.

Құқық бұзушылықтардың құрамын нақтылау, санкцияларды саралау, құқықтық қорғауды күшейту, заңдастыру және алдын алу шаралары әкімшілік жауапкершіліктің теңгерімді жүйесін қалыптастыруға бағытталған. Мұндай жүйе тек қорғау функциясын ғана емес, сонымен қатар азаматтығына қарамастан әр адамның қадір-қасиетін, құқықтық болжамдылығын, әділеттілік пен құрметті қамтамасыз етуі тиіс.

Қолданыстағы көші-қон заңнамасын, оның ішінде ҚР ӘҚБтК-нің 517,518,519 баптарын тиімді әрі дұрыс қолдану үшін көші-қон қызметі бөлімінің қызметкерлері мен соттардың кәсіби біліктілігін және құқықтық сауаттылығын арттыру аса маңызды. Бұл заң нормаларын дұрыс түсініп, нақты тәжірибеде қолдануда бірізділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Көші-қон саласындағы құқық қолдану тәжірибесін жетілдіру құқықтық тәртіпті нығайту, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және азаматтардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етудің маңызды шарттарының бірі болып табылады. Осы бағыттағы жұмыс көші-қон қызметкерлері мен сот органдарының кәсіби деңгейін арттыру, құқықтық нормаларды дұрыс қолдануды қамтамасыз ету және тиімді есеп беру жүйесін қалыптастыру арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ. [Электронды ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/K1400000235/09.04.2025>. (қаралу уақыты: 05.03.2025)
2. Жайлыбаев Е.Ж. Административное право Республики Казахстан: учебник. – Алматы: ЮРИСТ, – 2002. – 200 с.
3. Нурғалиева Е.Т. Иммиграционная политика и права человека в РК: конфликты юрисдикций. Вестник Академии юриспруденции. – № 1. – 2022. – С. 102-111
4. ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Ақпараттық сервисі. [Электронды ресурс] – URL: <http://qamqor.gov.kz>. (қаралу уақыты: 05.03.2025)

5. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы N 91 Заңы. [Электронды ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000091> (қаралу уақыты 06.03.2025)
6. Назарова М.В. Административное выдворение как специфический вид административного наказания. Полицейское право. – № 4 (4). – 2005. – С. 57- 60
7. Макарейко Н.В., Никифоров М.В., Скляров И.А. Административное принуждение в России: Учеб. пособие / Под ред. И.А. Склярова. – Н. Новгород: – 2002. – 160 с.
8. Шерстобоев О.Н. Административное выдворение иностранных граждан и лиц без гражданства за пределы Российской Федерации: существенные характеристики. Современное право. – № 12. – 2007. – С. 54-58.
9. Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тыс мәжбүрлеу тәртібімен шығарып жіберу, сондай-ақ жүріп-тұру еркіндігін алдын ала шектеу туралы өзіне қатысты сот шешімі шығарылған шығарып жіберілетін адамды ішкі істер органдарының арнаулы мекемесінде ұстау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 6 сәуірдегі № 175 қаулысы. [Электронды ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000175> (қаралу уақыты: 12.03.2025)
10. Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2337 Заңы. [Электронды ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U950002337> (қаралу уақыты: 20.03.2025)
11. Сарсембаев М.А. Выдворение как административная санкция с признаками репрессии. Вестник Карагандинского университета. Серия «Право». – № 2. – 2016. – С. 45-50
12. Баймухаметова Г.М. Проблемные вопросы привлечения к административной ответственности иностранцев и лиц без гражданства за совершение правонарушений в области миграции населения. [Электронный ресурс] – URL: <https://academy-rep.kz/uploads/33ad8dd19a7987997b2e4126989fc797.pdf> (дата обращения: 25.03.2025)
13. Кожамбетов К.М. Теоретико-правовые основы административной ответственности. – Астана: КАЗГЮУ – 2020. – 318 с.
14. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. [Электронды ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (қаралу уақыты: 28.03.2025)
15. Халықтың көші-қоны туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV Заңы. [Электронды ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000477> (қаралу уақыты: 02.04.2025)
16. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі. 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. [Электронды ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377> (қаралу уақыты: 02.04.2025)
17. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адамдарды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу кезінде ұстап алу мерзімдерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2020 жылғы 19 желтоқсандағы № 385-VI ҚРЗ». [Электронды ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2000000385> (қаралу уақыты: 04.04.2025)
18. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Сот кабинеті. [Электронды ресурс] – URL: <https://office.sud.kz/index.xhtml>. (қаралу уақыты: 08.04.2025)
19. Жампеисов Д., Жампеисов Д. Халықтың көші-қоны саласындағы құқық шығармашылық пен құқық қолдануды жетілдірудің өзекті мәселелері. ҚР заңнама және құқықтық ақпарат институтының Жаршысы. – №3, (70). – 2022. – Б. 138-147
20. Administrative offenses §95-§98. The paragraph is in Germany. [Electronic resource] – URL: [https://www.gesetze-im-internet.de/aufenthg\\_2004/\\_98.html](https://www.gesetze-im-internet.de/aufenthg_2004/_98.html) (date of request: 11.04.2025).
21. Illegal residence and regularization in France. [Electronic resource] – URL: <https://exil-solidaire.fr/sejour-irregulier> (date of request 15.04.2025)
22. Кодекс об административных правонарушениях Российской Федерации. Принят Государственной Думой 20 декабря 2001 года. [Электронный ресурс] – URL: <https://www.zakonrf.info/koap/> (дата обращения: 18.04.2025)
23. Rethinking the U.S. immigration court system. At the Breaking Point: Rethinking the U.S. Immigration Court System. [Electronic resource] – URL: <https://www.migrationpolicy.org/> (date of request: 22.04.2025)
24. Migration policy of Canada. [Electronic resource] – URL: <https://canada.by/articles/perspektivy-i-osobennosti-migracionnoj-politiki-kanady-demograficheskij-rost-ekonomicheskij-progress-i-socziokulturnoe-raznoobrazie> (date of request: 29.04.2025)

## АДМИНИСТРАТИВНАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ МИГРАНТОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН: АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ, ТЕНДЕНЦИИ И МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОПЫТ

### Аннотация

В статье проводится всесторонний анализ вопросов, связанных с административной ответственностью мигрантов в Республике Казахстан, с акцентом на актуальные положения действующего законодательства и особенности правоприменительной практики. Цель исследования заключается в комплексном изучении и дифференциации института административной ответственности в сфере миграции, выявлении его проблемных

аспектов, сравнительном анализе с международной практикой, а также выработке конкретных рекомендаций, направленных на его совершенствование. Авторы статьи анализируют законодательные нормы, применяемые в отношении административных правонарушений, совершаемых иностранными гражданами и лицами без гражданства, а также практику их применения и соответствие международным стандартам. В качестве основы используются судебная практика и статистические данные по статьям 492, 517, 518 и 519 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях. Также проводится сравнительно-правовой анализ с учётом опыта Германии, Франции, США, Канады и Российской Федерации. В статье в качестве ключевых проблем рассматриваются чрезмерная строгость санкций, недостаточная индивидуализация мер ответственности, формализованный характер административных процедур, ограниченная доступность профессиональной юридической помощи и перевода, игнорирование гуманитарных факторов, а также вопросы, связанные с административным выдворением из страны. Кроме того, авторы формулируют предложения по совершенствованию правовых механизмов, направленных на уточнение законодательных формулировок, учёт смягчающих обстоятельств, защиту прав уязвимых категорий мигрантов, повышение эффективности юридической помощи, цифровизацию миграционных процедур, а также обеспечение баланса между интересами государства и правами мигрантов. По мнению авторов, миграционная политика должна соответствовать международным принципам защиты прав человека. Настоящее исследование ориентировано на гуманизацию системы административной ответственности и повышение её справедливости.

**Ключевые слова:** миграция, мигранты, административная ответственность, административное выдворение, международный опыт.

## ADMINISTRATIVE RESPONSIBILITY OF MIGRANTS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN: CURRENT ISSUES, TRENDS AND INTERNATIONAL EXPERIENCE

### Abstract

The article provides a comprehensive analysis of issues related to the administrative responsibility of migrants in the Republic of Kazakhstan, with an emphasis on the current provisions of the legislation and the specifics of law enforcement practice. The purpose of the study is to comprehensively examine and differentiate the institution of administrative responsibility in the field of migration, identify its problematic aspects, compare it with international practice, and develop specific recommendations to improve it. The authors analyze the legislative norms governing administrative offenses committed by foreign citizens and stateless persons, as well as the practice of their application and compliance with international standards. Judicial practice and statistical data on articles 492, 517, 518, and 519 of the Code of Administrative Offenses of the Republic of Kazakhstan are used as the basis. A comparative legal analysis is also carried out, taking into account the experience of Germany, France, the USA, Canada, and the Russian Federation. The article considers the excessive severity of sanctions, insufficient individualization of liability measures, the formal nature of administrative procedures, limited availability of professional legal assistance and translation services, disregard for humanitarian factors, and issues related to administrative expulsion from the country as key problems. In addition, the authors formulate proposals to improve legal mechanisms to clarify legislative formulations, taking into account mitigating circumstances, protect the rights of vulnerable categories of migrants, improve the effectiveness of legal aid, digitalize migration procedures, and ensure a balance between the interests of the state and the rights of migrants. According to the authors, migration policy should comply with international human rights principles. The present study focuses on humanizing the system of administrative responsibility and increasing its fairness.

**Key words:** migration, migrants, administrative responsibility, administrative expulsion, international experience.

### REFERENCES

- 1 «Äkimşilik qūyq būzuşylyq turaly» Qazaqstan Respublikasynyñ Kodeksi, 2014 jylǵy 5 şildedeǵı № 235-V QRZ. [“On administrative offenses”]. Available at:– URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/K1400000235/09.04.2025> [in Kazakh] (accessed: 05.03.2025)
- 2 Jailybaev E.J. Administrativnoe pravo Respubliki Kazahstan: uchebnik. [Administrative law of the Republic of Kazakhstan]– Almaty: İURIS, – 2002. - 200p. [in Russian]
- 3 Nurgalieva E.T. İmigracionnaia politika i prava cheloveka v RK: konflikty iurisdiksi. [Immigration policy and human rights in the Republic of Kazakhstan: conflicts of jurisdiction] Vestnik Akademii iurisprudensii. – № 1. – 2022. – P. 102-111 [in Russian]
- 4 QR Bas prokuraturasy Qūyqytq statistika jāne arnaiy esepke alu jōnindeǵı komitetiniñ Aqparattyq servisi. [Information Service of the Committee on Legal Statistics and special records of the prosecutor general's Office of the Republic of Kazakhstan].– Available at: URL: <http://qamqor.gov.kz>. [in Kazakh] (accessed:05.03.2025)
- 5 Azamatyq jāne saiasi qūyqtar turaly halyqaralyq paktı ratifikasialau turaly Qazaqstan Respublikasynyñ 2005 jylǵy 28 qaraşadaǵy N 91 Zañy. [Law of the Republic of Kazakhstan dated November 28, 2005 No. 91 on ratification of

*the International Covenant on civil and political rights*]. [Elektronды resurs] – Available at: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000091> [in Kazakh] (accessed:06.03.2025)

6 Nazarova M.V. Administrativnoe vydvorenie kak specificheskij vid administrativnogo nakazaniya. [Administrative expulsion as a specific type of administrative punishment] *Policejskoe pravo*. – № 4 (4). – 2005. – P. 57-60 [in Russian]

7 Makarejko N.V., Nikiforov M.V., Sklyarov I.A. Administrativnoe prinuzhdenie v Rossii: [Administrative coercion in Russia] Ucheb. posobie / Pod red. I.A. Sklyarova. – N. Novgorod: – 2002. – 160 p. [in Russian]

8 SHERSTOBOEV O.N. Administrativnoe vydvorenie inostrannyh grazhdan i lic bez grazhdanstva za predely Rossijskoj Federacii: sushchnostnye karakteristiki. [Administrative expulsion of foreign citizens and stateless persons from the Russian Federation: essential characteristics]. *Sovremennoe pravo*. – № 12. – 2007. – P. 54-58. [in Russian]

9 Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тыс мәжбүрлеу тәртібімен шығарып жіберу, сондай-ақ жүріп-түру еркіндігін алдын ала шектеу туралы өзінше қатысты сот шешімі шығарылған шығарып жіберілетін адамды ішкі істер органдарының арнаулы мекемесінде ұстау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 6 сәуірдегі № 175 қаулысы. [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated April 6, 2017 No. 175 on approval of the rules for the detention of the expelled person in a special institution of internal affairs bodies, in respect of which a court decision has been made on the expulsion of a foreigner or stateless person by forced procedure outside the Republic of Kazakhstan, as well as on the preliminary restriction of freedom of movement]. – Available at: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000175> [in Kazakh] (accessed: 12.03.2025)

10 Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2337 Заңы. [Law of the Republic of Kazakhstan dated June 19, 1995 No. 2337 on the legal status of foreigners.] – Available at: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U950002337> [in Kazakh] (accessed: 20.03.2025)

11 Sarsembaev M.A. Vydvorenie kak administrativnaya sankciya s priznakami repressii. [Expulsion as an administrative sanction with signs of repression]. *Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya «Pravo»*. – № 2. – 2016. – P. 45-50 [in Russian]

12 Bajmuhametova G.M. Problemnye voprosy privilecheniya k administrativnoj otvetstvennosti inostrancev i lic bez grazhdanstva za sovershenie pravonarushenij v oblasti migracii naseleniya. [Problematic issues of bringing foreigners and stateless persons to administrative responsibility for committing offenses in the field of migration]. – Available at: URL: <https://academy-rep.kz/uploads/33ad8dd19a7987997b2e4126989fc797.pdf> [in Russian] (accessed: 28.03.2025)

13 Kozhahmetov K.M. Teoretiko-pravovye osnovy administrativnoj otvetstvennosti. [Theoretical and legal foundations of administrative responsibility] – Astana: KAZGYUU – 2020. – 318 p. [in Russian]

14 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. [Criminal Code of the Republic of Kazakhstan] 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V QRZ. – Available at: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> [in Kazakh]. (accessed:28.03.2025)

15 Halyқтың көші-қоны туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV Заңы. [Law of the Republic of Kazakhstan on Population migration dated July 22, 2011 No. 477-IV]. – Available at: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000477> [in Kazakh] (accessed: 02.04.2025)

16 Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі. 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V QRZ. [Civil Procedure Code of the Republic of Kazakhstan. Kr No. 377-V dated October 31, 2015]. – Available at: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377> [in Kazakh] (accessed: 02.04.2025)

17 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адамдарды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу кезінде ұстап алу мерзімдерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2020 жылғы 19 желтоқсандағы № 385-VI QRZ». [“Law of the Republic of Kazakhstan dated December 19, 2020 No. 385-VI KR” on introduction of amendments and additions to some legislative acts of the Republic of Kazakhstan on the regulation of the terms of detention of persons for deportation outside the Republic of Kazakhstan”]. Available at:– URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2000000385> [in Kazakh] (accessed: 04.04.2025)

18 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Сот кабинеті. [Judicial Office of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan]. Available at: – URL: <https://office.sud.kz/index.xhtml>. [in Kazakh] (accessed:08.04.2025)

19 Jampeisov D., Jampeisov D. Halyқтың көші-қоны саласындағы құқық шығармашылық пен құқық қолдануды жетілдірудің өзекті мәселелері. [Actual problems of improving legal creativity and law enforcement in the field of Population migration.] QR заңнама және құқықтық ақпарат институтының Жаршысы. – №3, (70). – 2022. – P. 138-147 [in Kazakh].

20 Administrative offenses §95-§98 The paragraph is in Germany. - Available at:– URL: [https://www.gesetze-im-internet.de/aufenthg\\_2004/\\_98.html](https://www.gesetze-im-internet.de/aufenthg_2004/_98.html) [in English] (accessed:11.04.2025).

21 Illegal residence and regularization in France. Available at:– URL: <https://exil-solidaire.fr/sejour-irregulier> [in English] (accessed:15.04.2025)

22 Kodeks ob administrativnyh pravonarusheniyah Rossijskoj Federacii. Prinyat Gosudarstvennoj Dumoj 20 dekabrnya 2001 goda. [The Code of Administrative Offences of the Russian Federation. Adopted by the State Duma on December 20, 2001]. [Available at: – URL: <https://www.zakonrf.info/koap/> [in Russian] (accessed: 18.04.2025)

23 Rethinking the U.S. immigration court system. At the Breaking Point: Rethinking the U.S. Immigration Court System. Available at: – URL: <https://www.migrationpolicy.org/> [in English] (accessed: 22.04.2025)

24 Migration policy of Canada. Available at: – URL: <https://canada.by/articles/perspektivy-i-osobennosti-migraczionnoj-politiki-kanady-demograficheskij-rost-ekonomicheskij-progress-i-socziokulturnoe-raznoobrazie> [in English] (accessed:29.04.2025)

#### Information about authors:

Dauren Magauyanov – **corresponding author**, PhD, Senior Lecturer of the Department of «Civil Law Disciplines», educational institution «Alikhan Bokeikhan University», Semey, Republic of Kazakhstan

E-mail: [daurxxvek@bk.ru](mailto:daurxxvek@bk.ru)

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0400-2826>

Duman Zhampeisov – PhD, Senior Lecturer of the Department of «Civil Law Disciplines», educational institution «Alikhan Bokeikhan University», Semey, Republic of Kazakhstan

E-mail: [duman\\_d@mail.ru](mailto:duman_d@mail.ru)

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4657-8660>

Yerlan Aytказин – Doctoral student, educational institution «Alikhan Bokeikhan University», Semey, Republic of Kazakhstan

E-mail: [aytkazin1805@mail.ru](mailto:aytkazin1805@mail.ru)

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3075-4386>

Eldana Maishekina – PhD, Senior Lecturer of the «Department of State and Legal Disciplines», educational institution «Alikhan Bokeikhan University», Semey, Republic of Kazakhstan

E-mail: [Eldana\\_18@mail.ru](mailto:Eldana_18@mail.ru)

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1289-7890>

#### Информация об авторах:

Даурен Мағауянов – **основной автор**, PhD, старший преподаватель кафедры «Гражданско-правовых дисциплин», учреждение образования «Alikhan Bokeikhan University», г. Семей, Республика Казахстан

E-mail: [daurxxvek@bk.ru](mailto:daurxxvek@bk.ru)

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0400-2826>

Думан Жампеисов – PhD, старший преподаватель кафедры «Гражданско-правовых дисциплин», учреждение образования «Alikhan Bokeikhan University», г. Семей, Республика Казахстан

E-mail: [duman\\_d@mail.ru](mailto:duman_d@mail.ru)

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4657-8660>

Ерлан Айтказин – докторант, учреждение образования «Alikhan Bokeikhan University», г. Семей, Республика Казахстан

E-mail: [aytkazin1805@mail.ru](mailto:aytkazin1805@mail.ru)

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3075-4386>

Эльдана Майшекина – PhD, старший преподаватель кафедры «Государственно-правовых дисциплин», учреждение образования «Alikhan Bokeikhan University», г. Семей, Республика Казахстан

E-mail: [Eldana\\_18@mail.ru](mailto:Eldana_18@mail.ru)

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1289-7890>

#### Авторлар туралы ақпарат:

Даурен Мағауянов – **негізгі автор**, PhD, «Азаматтық-құқықтық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы, «Alikhan Bokeikhan University» білім беру мекемесі, Семей қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: [daurxxvek@bk.ru](mailto:daurxxvek@bk.ru)

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0400-2826>

Думан Жампеисов – PhD, «Азаматтық-құқықтық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы, «Alikhan Bokeikhan University» білім беру мекемесі, Семей қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: [duman\\_d@mail.ru](mailto:duman_d@mail.ru)

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4657-8660>

Ерлан Айтказин – докторант, «Alikhan Bokeikhan University» білім беру мекемесі, Семей қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: [aytkazin1805@mail.ru](mailto:aytkazin1805@mail.ru)

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3075-4386>

Эльдана Майшекина – PhD, «Азаматтық-құқықтық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы, «Alikhan Bokeikhan University» білім беру мекемесі, Семей қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: [Eldana\\_18@mail.ru](mailto:Eldana_18@mail.ru)

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1289-7890>